

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.Қ.Бәсенов атындағы сәулет, құрылыс және энергетика институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

Исак Айдана Исакқызы

Атырау облысы Аққыстау елді мекенін сумен жабдықтау

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

5B080500 – «Су ресурстары және суды пайдалану»

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.Қ.Бәсенов атындағы сәулет, құрылыс және энергетика институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі

техн.ғыл.канд.,ассоц.проф.


К.К. Алимова

« 17 » 05 2019ж.

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

Тақырыбы: «Атырау облысы Аққыстау елді мекенін сумен жабдықтау»

Мамандығы 5B080500 – «Су ресурстары және суды пайдалану»

Орындаған

 Исак А.И

Жетекші

техн.ғыл.д-ры, профессор

 М.Мырзахметов

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.Қ.Бәсенов атындағы сәулет, құрылыс және энергетика институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

5В080500 – «Су ресурстары және суды пайдалану»

БЕКІТЕМІН

Кафедра меңгерушісі

техн.ғыл.канд., асоц.проф.

 К.К. Алимова

« 07 » 02 2019ж.

**Дипломдық жоба орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Исак Айдана Исакқызы

Тақырыбы: «Атырау облысы Аққыстау елді мекенін сумен жабдықтау»

Университет Ректорының 2018 жылғы «30» қазан № 1210-б бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі: 2019 жылғы «30» сәуір

Дипломдық жобаның бастапқы берілістері: Халық саны, елді-мекеннің аумағы, тұрғындардың тығыздығы берілген.

Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі

а) Технологиялық бөлім;

б) Су пайдалану нысандарының құрылыс технологиясы;

в) Экономикалық бөлім.

Сызба материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс)

1) Бас жоспар;

2) Су құбыры тораптарының есептік схемасы;

3) Арынды су мұнарасы;




4) Тік тұндырғыш;

Ұсынылатын негізгі әдебиет 15 атаудан

Дипломдық жобаны дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Технологиялық бөлім	12.02.2019-30.03.2019	
Су пайдалану нысандарының құрылыс технологиясы	01.04.2019-16.04.2019	
Экономикалық бөлім	16.04.2019-30.04.2019	

Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен
норма бақылаушының аяқталған жобаға қойған
қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі(ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған ан мерзім	Қолы
Су пайдалану нысандарының құрылыс технологиясы	М.Мырзахметов, техн.ғыл.д-ры, профессор	17.05.19.	
Экономикалық бөлім	А.Н.Хойшиев, техн.ғыл.канд., лектор	17.05.19	
Норма бақылау	А.Н.Хойшиев, техн.ғыл.канд., лектор	17.05.19.	

Жетекші

 М.Мырзахметов

Тапсырманы орындауға алған білім алушы

 Исак А.И

Күні

« 17 » маусым 2019ж.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	7
1 Технологиялық бөлім	8
1.1 Табиғи - климаттық сипаттама	8
1.2 Есепті су шығындары	8
1.3 тәулік ішіндегі су шығындарын есептеу	10
1.4 Меншікті, жол-жөнекей және түйіндік шығындарды анықтау	10
1.5 Суды тазартатын ғимараттардың құрамын анықтау	11
1.6 Араластырғыштар	13
1.7 Жапалақ пайда болатын камералар есебі	15
1.8 Тұндырғыштың есебі	17
1.9 Сүзгілер	19
1.10 Түйіскен мөлдіреткіштер	21
1.11 Суды зарарсыздандыру	22
1.12 Сорап станциясының жұмыс режимін анықтау	23
1.13 Арынды мұнара есебі	24
1.14 Су алу ғимаратының санитарлық аймағын анықтау	25
2 Су пайдалану нысандарының құрылыс технологиясы	26
3 Экономикалық бөлім	29
3.1 Су торабының құрылыс құны	29
ҚОРЫТЫНДЫ	30
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР	31
ҚОСЫМШАЛАР	

АНДАТПА

Дипломдық жобаның мақсаты – Атырау облысы, Аққыстау елді мекенін сумен жабдықтау және үзіліссіз түрде, таза әрі сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету.

Бұл дипломдық жобада елді мекенді сумен жабдықтау жүйесінің құбыр торап желілері мен су алу ғимараттарының гидравликалық есептеулері жасалған. Есептеулер арқылы жұмыс жасайтын ғимараттардың өлшемдері графикалық бөлімінде көрсетілген.

Жобаның су пайдалану нысандарының құрылыс технологиясы бөлімінде су жеткізі торабының құбырларын жатқызу жұмыстары қарастырылса, ал техника экономикалық бөлімде елді мекенді сумен жабдықтау жұмыстарына кететін ақшалай шығындар есептеліп көрсетілген.

АННОТАЦИЯ

Цель дипломного проекта – водоснабжение населенного пункта Аккистау, Атырауской области и обеспечение бесперебойной, чистой и качественной питьевой водой.

В данном дипломном проекте разработаны гидравлические расчеты трубопроводов и водозаборных сооружений системы водоснабжения населенных пунктов. Размеры зданий, работающих с помощью вычислений, указаны в графической части.

В разделе технологии строительства объектов водопользования предусмотрены работы по укладке трубопроводов узла подачи воды, а в технико-экономическом разделе рассчитаны денежные расходы на водоснабжение населенных пунктов.

ABSTRACT

The purpose of the diploma project – water supply of the village Akkistau, Atyrau region and ensure uninterrupted, clean and quality drinking water.

In this diploma project, hydraulic calculations of pipelines and water intake structures of the water supply system of settlements were developed. The dimensions of the buildings working with the help of calculations are indicated in the graphic part.

In the section of Technology of construction of water use facilities, works on laying pipelines of the water supply unit are provided, and in the technical and economic section, the monetary costs for water supply of settlements are calculated.

КІРІСПЕ

Су шаруашылығы жүйесі адамның суға әлеуметтік, экологиялық және экономикалық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін бірлесіп жұмыс істейтін табиғи және жасанды құрылған су объектілері мен инженерлік құрылыстардың географиялық кешені болып табылады.

Елді мекенде халық санының өсуі және шаруашылық қызметінің кеңеюіне байланысты сумен жабдықтау дағдарыстық проблема болып табылатын өңірлердің саны ұлғаюда.

Сумен жабдықтау жүйелері – бұл тұтынушыларды қажетті мөлшерде, талап етілетін сапада және талап етілетін арынмен жабдықтауға арналған құрылыстар кешені. Жүйелер сумен жабдықтау көзінен су алуға, оны өңдеуге, суды тұтынушыға айдауға арналған құрылыстардан және оны сақтауға арналған құрылыстардан тұрады.

Сумен қамтамасыз ету жүйелері өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы суындағы тұтынушыларды қанағаттандыруға арналған.

Халықты таза, сапалы сумен қамтамасыз етудің үлкен гигиеналық маңызы бар, өйткені адамдарды су арқылы берілетін әртүрлі эпидемиялық аурулардан қорғайды. Елді мекенге жеткілікті су беру оны абаттандырудың жалпы деңгейін көтеруге мүмкіндік береді. Қазіргі ірі қалалардың суға деген қажеттілігін қанағаттандыру үшін милиондарда тәулігіне текше метр өлшенетін үлкен саны талап етіледі. Осы міндетті орындау, сондай-ақ ауыз судың жоғары санитарлық сапасын қамтамасыз ету табиғи көздерді мұқият таңдауды, оларды ластанудан қорғауды және су құбыры құрылыстарында суды тиісінше тазалауды талап етеді. Кейбір өнеркәсіптік кәсіпорындар тұтынылатын судың сапасына арнайы талаптар қояды.

Су құбыры желілері мен суағарлар сумен жабдықтау жүйелерінде ерекше орын алады. Су құбыры желісі тұтынушыларды сумен қамтамасыз етудің қажетті сенімділігін ескере отырып жобаланған.

Сумен жабдықтау жүйелерін одан әрі дамыту сондай-ақ механикалық және электр жабдықтарының жаңа түрлерін жетілдірумен және құрумен, суды өңдеу үшін жаңа реагенттерді, автоматты бақылау және реттеу құралдарын әзірлеумен және енгізумен байланысты.

Есептеу техникасы құралдарын кеңінен енгізу үнемділік пен сенімділік талаптарын қамтамасыз ететін сапалы жаңа деңгейде сумен жабдықтау жүйелері құрылыстарын жобалау мен пайдалану міндеттерін шешуге мүмкіндік береді.

1 Технологиялық бөлім

1.1 Табиғи - климаттық сипаттама

Сумен жабдықтау объектісі, облыс орталығы – Атырау қаласынан солтүстік - батысқа қарай 75 км жерде, Нарын құмынан оңтүстік-шығысқа қарай Жалтыр көлінің оңтүстік жағасына таяу, Каспий маңы ойпатының оңтүстігіндегі, шөлді белдемде орналасқан Аққыстау елді - мекені болып табылады.

Аққыстау елді мекенінің халқының саны 10831 адам.

Аққыстауда шұжық өнімдерін жасайтын өндіріс орны, машина жөндеу және тұрмыс қажетін өтеу шеберханалары, наубайхана, шағын электр станциясы, 2 орта мектеп, мәдениет сарайы, қонақ үйі, аудандық аурухана бар.

Атырау облысында континенттігі тым басым климат қалыптасқан. Облыс табиғи ылғалдылығы жеткіліксіз, аңызак желді, шаңды дауылды, жазы ыстық, қуаң, қысы қарсыз (не жұқа қарлы) болып келеді.

Ең ыстық айы – шілде, ауасының орташа температурасы 24 - 25 градус, жалпы ыстық 35 - 40 градус, кейде одан да астам болады. Қантардың орташа температурасы минус 14 градус. Қыс маусымы ауасының қантардағы орташа температурасы минус 8 градус, минус 12 градус.

Жылдың жылы маусымдарында негізінен батыс бағытында (солтүстік-батыс, кейде оңтүстік-батысқа) соғатын желдің үлесі басым; желдің орташа жылдамдығы 5 - 6 метр/секунд, теңіз жағалауында 6 - 7 метр/секунд, ең күшті желдің қарқындылығы 15 метр/секундқа жетеді.

Елді - мекеннің негізгі жер - беті құрылымы – бозғылт - құмды топырақ.

Аққыстау мекенінің проблемалары ең алдымен бұрынғы теңіз түбінде орналасқан, теңіз деңгейінен 26 метр төмен, осыған байланысты топырақтың тұздануы және жер асты суларының жоғары деңгейі байқалады, жаңбырдан кейін ашық топырақ тұзды балшыққа айналады. Күн мен жел жерді құрғатпайынша су бірнеше күн жер бетінен кетпейді.

1.2 Есепті су шығындары

Тұрғындардың шаруашылық - ауыз су мұқтаждықтарына кететін судың шығынын анықтау

Тұрғындардың шаруашылық – ауыз су мұқтаждықтарына кететін су шығындарын анықтау үшін елді-мекенде тұратын тұрғындардың санын бір тұтынушыға кететін су тұтыну мөлшері бойынша саналады (меншікті су тұтыну).

Тұрғындардың шаруашылық – ауыз су мұқтаждықтарына орташа тәуліктік шығынды $Q_{тәу}^{орт}$, м³ келесі теңдікпен анықталынады

$$Q_{тәу}^{орт} = \frac{N_{ж} \cdot q_{ж}}{1000}, \quad (1)$$

мұндағы $N_{ж}$ – тұрғындардың есептік саны, адам;
 $q_{ж}$ – шаруашылық ауыз суды тұтыну мөлшері, 1 тұрғынға л/тәулік.

Тұрғындардың тығыздығын P , ад/га келесі формуламен есептелінеді

$$P = \frac{N}{F}, \quad (2)$$

мұндағы N – елді мекендегі тұрғындар саны, адам;

F – елді мекеннің ауданы, га.

Есептеулер А.1, А.2 кестелерінде берілген.

Тәуліктегі ең жоғарғы және төменгі $Q_{макс,мин}$, м³ су тұтыну шығындары

$$Q_{макс,мин} = Q_{тәу}^{орт} \cdot K_{макс} (K_{мин}). \quad (3)$$

Есептеулер А.3 кестеде берілген.

Суаруға қажетті су шығындары

Көшелерді, алаңдарды, газондарды, гүл алқаптарын және басқа да жасыл алқаптарды суару үшін шығынды $Q_{суар}$, м³/тәу төмендегідей формуламен есептелінеді

$$Q_{суар} = F_{суар} \cdot q_{суар} \cdot 10, \quad (5)$$

мұндағы $F_{суар}$ – суару ауданы, га;

$q_{суар}$ – алаңдарды, жабындыларды, жолдарды машинамен суғару мөлшері, 1 рет суғаруға 0,3-0,4 л/м² су шығындалады, газондар, гүлзарлар мен жасыл көгалдарды суғару үшін, 1 рет суғаруға 4-5 л/м² су шығындалады.

Есептеулер А.4 кестеде берілген.

Жұмысшылардың жұмыс уақытындағы шаруашылық - ауыз су мұқтаждықтары мен сусеберге кететін судың шығынын анықтау

Ауысымдағы жұмысшылардың шаруашылық - ауыз су мұқтаждықтарына кетеін су шығындары $Q_{суық(ыст)}$, м³/см келесідей теңдікпен анықталады

$$Q_{суық(ыст)} = \frac{q_{суық(ыст)} \cdot N_{суық(ыст)}}{1000}, \quad (4)$$

мұндағы $q_{суық}$ = 25 л/см, $q_{ыст}$ = 45 л/см ауысымдағы суық және ыстық цехта жұмыс істейтін жұмысшының су тұтыну мөлшері;

$N_{\text{суық}}, N_{\text{ыст}}$ – жұмысшылар саны.
Есептеулер А.5 кестеде берілген.

1.3 Тәулік ішіндегі су шығындарының есебі

Тәулік ішіндегі орташа шоғырланған су шығындары $Q_{\text{орт.тәу}}^{\text{шоғ}}$, $\text{м}^3/\text{тәу}$ келесі формуламен табылады

$$Q_{\text{орт.тәу}}^{\text{шоғ}} = q_{\text{орт}}^{\text{шоғ}} \cdot N_{\text{шоғ}}, \quad (6)$$

мұндағы $Q_{\text{орт.тәу}}^{\text{шоғ}}$ – шоғырланған орташа тәуліктік су шығыны, $\text{м}^3/\text{тәу}$;
 $q_{\text{орт}}^{\text{шоғ}}$ – бір дараның тәулікте тұтынатын су шығыны, $\text{л}/\text{тәу}$;
 $N_{\text{шоғ}}$ – су тұтынушы адамдар саны.

Есептеулер А.6 кестеде берілген.

1.4 Меншікті, жол-жөнекей және түйіндік шығындарды анықтау

Тораптан суды алу үлкен көлемде және қарқыныдылығы әрдайым өзгергендіктен, біз су алу схемасының қарапайым схемасын таңдаймыз. Бұл торапқа берілген су торап ұзындығы бойынша бірдей беріледі және осыған сәйкес су саны тораптың ұзындығы бойынша біркелкі бөлінеді. Бұл жағдайды меншікті шығын деп, $q_{\text{м.ш}}$, $\text{л}/\text{с}$ келесідегідей теңдікпен анықталады

$$q_{\text{м.ш}} = \frac{Q - \sum q_{\text{шоғ}}}{\sum L}, \quad (7)$$

мұндағы Q – елді - мекеннің су шығыны, $\text{л}/\text{сек}$;
 $\sum L$ – су құбыры торабының барлық бөлігінің ұзындықтарының қосындысы, м .

Меншікті шығынды біле отырып, әр есепті бөліктен алынатын жол-жөнекей су шығынын $q_{\text{ж.ж}}$, $\text{л}/\text{с}$ анықтауға болады

$$q_{\text{ж.ж}} = q_{\text{м.ш}} \cdot l, \quad (8)$$

мұндағы l – әр бөліктегі су құбырының ұзындығы, м ;
 $q_{\text{м.ш}}$ – меншікті су шығын, $\text{л}/\text{с}$;
 $q_{\text{ж-ж}}$ – жол-жөнекей шығын, $\text{л}/\text{с}$.

Жол - жөнекей шығындарының бірдей таратылуын қамтамасыз ету үшін орталықтандырылған шығындарды ескере отырып есепті жүргізеді.

Есептеулер А.7 кестеде берілген.

Түйіннің орталықтандырылған шығыны $q_{\text{түй}}$, л/сек сол бөлікке келетін жол жөнекей шығынының жартысына тең

$$q_{\text{түй}} = 0,5 \sum q_{\text{ж.ж}}, \quad (9)$$

мұндағы $q_{\text{ж-ж}}$ – жол-жөнекей шығын, л/с;

$q_{\text{түйін}}$ – түйін шығыны, л/с.

Бірақ әр түйіннің өзіне тиесілі шоғырланған шығыны болғандықтан әр түйін шығыны $q_{\text{түй}}$, л/с келесі формуламен анықталады.

$$q_{\text{түй}} = q_{\text{шоғ}} + 0,5 \sum q_{\text{ж.ж}}, \quad (10)$$

мұндағы $q_{\text{ж-ж}}$ – жол-жөнекей шығын, л/с;

$q_{\text{түйін}}$ – түйін шығыны, л/с;

$q_{\text{шоғ}}$ – шоғырланған шығын, л/с.

Есептеулер А.8 кестеде берілген.

Су құбыр торабының гидравликалық есептеулері А.9 кестеде берілген.

1.5 Суды тазартатын ғимараттардың құрамын анықтау

Су тазартатын ғимараттар құрамын таңдар кезде, сумен жабдықталу жүйесінің су алу көзінің құрамдық көрсеткіштеріне көңіл бөлінеді.

Су алу көзінің көрсеткіштері А.10 кестеде көрсетілген.

Жағалық су қабылдағыш параметрлерін есептеу

Қалыпты режим кезінде қабылдағыштың барлық секциясы жұмыс істейді, кездегі су шығының Q_c , м³/тәул төмендегідей теңдікпен есептелінеді

$$Q_c = \alpha \cdot Q_{\text{макс.тәу}} \cdot N_c, \quad (11)$$

мұндағы α – су қабылдағыштың өз қажеттіліктеріне керек көлемді білдіретін коэффициент, ол су сапасы мен оны жақсарту әдісіне байланысты қабылданады, $\alpha = 1,05 - 1,10$;

$Q_{\text{макс.тәу}}$ – пайдалануға қажетті су көлемі, м³/тәул;

N_c – жұмыс істейтін секциялар саны, 2 - 4-ке тең аралығында қабылданады.

$$Q_c = 1,1 \cdot 2600 \cdot 4 = 11440 \text{ м}^3/\text{тәул}.$$

Содан кейін, секундтық шығынды $Q_{\text{сек. шығ}}$, м³/с келесі формуламен анықталады

$$Q_{\text{сек. шығ}} = \frac{Q_c}{86400}, \quad (12)$$

$$Q_{\text{сек. шығ}} = \frac{11440}{86400} = 0,13 \text{ м}^3/\text{с}.$$

Әр секция үшін (4 секция болғанда) су шығыны Q_1 , м³/тәул төменгі теңдікпен есептелінеді

$$Q_1 = \frac{Q_{\text{сек. шығ}}}{N_c}, \quad (13)$$

$$Q_1 = \frac{0,13}{4} = 0,032 \text{ м}^3/\text{тәул}.$$

Секциялардың біреуі жөндеуге немесе тазартуға тоқтатылған кезде барлық су көлемі Q , м³/с тең бөлінеді

$$Q = \frac{K \cdot Q_1}{(N_c - 1)}, \quad (14)$$

мұндағы K – суды уақытша азайту коэффициенті, $K = 0,7-1,0$;

$$Q = \frac{0,9 \cdot 0,032}{3} = 0,0096 \text{ м}^3/\text{с}.$$

Реагенттер туралы жалпы мәліметтер

Коагулянттардың ішінде ең жиі пайдаланатындар: алюминий сульфаты $Al_2(SO_4)_3$ темір сульфаты $FeSO_4$, және хлорлық темір $FeCl_3$.
 $Al_2(SO_4)_3$ – ды күкірт қышқылымен алюминийдің оксидін, гидроксидін, бокситтерді, коалиндерді ерітіп дайындайды.

Коагулянттың қажетті мөлшері M_k табиғи көздің суын технологиялық талдау арқылы немесе осы суда жұмыс істейтін тазартқы ғимараттардың пайдалану тәжірибесіне сәйкес анықталады.

Судың түстілігін төмендету үшін коагулянттының мөлшерін M_k , мг/л келесі формуламен анықталады

$$M_k = 4\sqrt{T}, \quad (15)$$

мұндағы T – судың түстілігі, град.

$$M_k = 4\sqrt{27^0} = 20,8 \text{ мг/л}.$$

1.6 Араластырғыштар

Тесікті араластырғыштың есебі

Әр қалқадағы тесіктердің саны n төменгі формуламен есептелінеді

$$n = \frac{4 \cdot q_{\text{сек}}}{\pi \cdot v_T \cdot d_T^2}, \quad (16)$$

мұндағы d_T – тесіктердің диаметрі, $d_T=0,06$ м;
 v_T – қалқалардағы тесіктерден ағатын судың қозғалыс жылдамдығы, 1 м/с.

$$n = \frac{4 \cdot 0,03}{3,14 \cdot 1 \cdot 0,06^2} = 11.$$

Қалқаларда тесіктерде арынның жойылуын Σh , м мына формуламен анықталынады

$$\Sigma h = \frac{m \cdot v_T^2}{2g\mu^2}, \quad (17)$$

мұндағы m – араластырғанда қалқалардың жалпы саны, 3 - ке тең;
 μ – шығын коэффициенті, $\mu=0,75$.

$$\Sigma h = \frac{3 \cdot 1^2}{2 \cdot 9,81 \cdot 0,75^2} = 0,27 \text{ м.}$$

Әр қалқадан кейінгі су деңгейінің құламасы h , м былай есептелінеді

$$h = \frac{\Sigma h}{m}, \quad (18)$$

$$h = \frac{0,27}{3} = 0,09 \text{ м.}$$

Араластырғыштың соңында науалық қимасы f_H , м келесі теңдікпен есептеледі

$$f_H = \frac{q_{\text{сек}}}{v_T}, \quad (19)$$

$$f_H = \frac{0,03}{1} = 0,03 \text{ м.}$$

Араластырғыштың соңында судың қабатының биіктігін $H = 0,65$ метрге тең қабылдаймыз, сонда науаның ені $v_1=0,05$ метр.

Қалқалардың алдында араластырғыштың соңынан санағанда су қабатының биіктігі H , м келесідей формуламен анықталады

Біріншісінің алдында

$$H + h = 0,65 + 0,09 = 0,74 \text{ м,}$$

Екіншісінің алдында

$$H + 2h = 0,65 + 0,18 = 0,83 \text{ м,}$$

Үшіншісінің алдында

$$H + 3h = 0,65 + 0,27 = 0,92 \text{ м.}$$

Әр қалқадағы тесіктің ауданы f_T , м^2 төменгі теңдікпен есептелінеді

$$f_T = n \cdot 0,785 \cdot d_T^2, \quad (20)$$

$$f_T = 11 \cdot 0,785 \cdot 0,06^2 = 0,03 \text{ м}^2.$$

Тесіктердің жиынтық ауданы қалқаның жұмыс ауданынан 30 пайыздан аспауына байланысты қалқаның ең қажетті ауданы f_K , м^2 былай есептелінеді

$$f_K = \frac{0,03}{0,3} = 0,1 \text{ м}^2.$$

Тесіктердің жоғарғы қатарының суға батуын 0,1– 0,15 метр есепке алғанда бірінші қалқаның биіктігі $h_K = 0,74 - 0,11 = 0,63$ м.

Сол үшін араластырғыштың ені v_a , м келесі формуламен шығарылады

$$v_a = \frac{f_K}{h_K}, \quad (21)$$

$$v_a = \frac{0,1}{0,63} = 0,16 \text{ м.}$$

Бірінші қалқаның ең аз жұмыс ауданы f_a , м^2 төменгі теңдікпен есептеледі

$$f_a = h_K \cdot v_a, \quad (22)$$

$$f_a = 0,63 \cdot 0,16 = 0,1 \text{ м}^2.$$

1.7 Жапалақ пайда болатын камералар есебі

Тазалайтын суды коагулянтпен араластырғаннан кейін суда жапалақ пайда бола бастайды. Жапалақ пайда болу процесінің өтуіне жақсы жағдай жасау үшін тік және көлденең тұндырғыштардың алдында арнайы жапалақ пайда болатын камералар орнатады. Бұл камераларда коагулянттар сумен бірқалыпты араласады да жапалақ пайда болуына әсер етеді.

Иірімді камераның өнімділігі 3 мың м³/тәул станцияларда пайдаланды, оның түрі цилиндр сияқты, көбінесе тік тұндырғыштардың ортасында орналасады да, оның орталық құбырымен қосарланады.

Иірімді жапалақ пайда болатын камераның есебі

Бір иірімді камераның ауданы f_k , м² келесідей теңдікпен анықталады

$$f_k = \frac{Q_{\text{сар}} \cdot t}{60 \cdot H_0 \cdot N}, \quad (23)$$

мұндағы t – камерадағы судың болу уақыты, оны 15 пен 20 минуттың арасында қабылдайды;

H_1 – камераның биіктігі, оны $H_1 = 0,9$;

$H_0 = 3,6$ метрге тең деп қабылдайды;

N – тік тұндырғыштармен жапалақ пайда болатын камералардың есептік саны 4 - ке тең.

$$f_k = \frac{108 \cdot 16}{60 \cdot 3,6 \cdot 4} = 2 \text{ м}^2.$$

Иірімді жапалақ пайда болатын камераның диаметрі d_k , м былай есептеледі

$$d_k = 1,13 \sqrt{f_k}, \quad (24)$$

$$d_k = 1,13 \sqrt{2} = 1,60 \text{ м}.$$

Камераға келетін судың секундық шығыны $q_{\text{сек}}$, м³/с

$$q_{\text{сек}} = \frac{Q_{\text{сар}}}{4 \cdot t}, \text{ м}^3/\text{с}, \quad (25)$$

$$q_{\text{сек}} = \frac{108}{4 \cdot 3600} = 0,0075 \text{ м}^3/\text{с}.$$

Мемлекеттік стандарт бойынша суды әкелетін құбырдың диаметрін $d_k = 80$ мм. Бұл жағдайда жапалақ пайда болатын камераға келетін судың жылдамдығы $v = 0,99$ м/с, ұсынған шаманың арасында орналасады.

Камераға су тангенциалды бағытталған саптама арқылы жіберіледі. Камераның қабырғасынан саптама $0,2 d_k = 0,2 \cdot 1,60 = 0,32$ метр қашықтықта судың бетінен $0,5$ тереңдігінде орналасады.

Саптаманың қажетті диаметрі d_c , мм төменгідегі теңдікпен есептелінеді

$$d_c = 1,13 \sqrt{\frac{q_{\text{сек}}}{\mu \cdot v_c}}, \quad (26)$$

мұндағы μ – шығынның коэффициенті, $\mu=0,908$;

v_c – саптамадан шығатын судың жылдамдығы, $v_c = 2,5$ м/с, (2-3 м/с қабылдайды).

$$d_c = 1,13 \sqrt{\frac{0,0075}{0,908 \cdot 2,5}} = 0,06 \text{ м} = 60 \text{ мм.}$$

Конустық бұрышына $\beta = 25$ градусқа сәйкес саптаманың ұзындығы l_c , мм келесі формуламен есептеледі

$$l_c = \frac{d_c}{2} \text{ctg} \frac{\beta}{2}, \quad (27)$$

$$l_c = \frac{60}{2} \text{ctg} \frac{25}{2} = 140 \text{ мм.}$$

Саптамадан шығатын судың шындық жылдамдығы ϑ_ψ , м/с келесідей табылады

$$\vartheta_\psi = \frac{1,274 \cdot q_{\text{сек}}}{d_c^2 \cdot \mu}, \quad (28)$$

$$\vartheta_\psi = \frac{1,274 \cdot 0,0075}{0,06^2 \cdot 0,908} = 2,92 \text{ м/с.}$$

Саптамадағы арынның жойылуы h_c , м төмендегі теңдікпен есептелінеді

$$h_c = d_c \cdot \vartheta_\psi^2, \quad (29)$$

$$h_c = 0,06 \cdot 2,92^2 = 0,5 \text{ м.}$$

1.8 Тұндырғыштың есебі

Станцияларда су өнімділігі тәуілігіне 3 мың м³ болса, ондайда тік тұндырғышты пайдаланамыз, су жеткізілетін құбыры құрылысы дөңгелек не квадратқа ұқсайтын негізде болып келеді, иірімділі жапалақ пайда болу камерасы, тазаланған суды жинап алатын науалары және тұнбаны шығарып тастайтын құбыры болады.

Тік тұндырғыштың есебі

Бір тұндырғыштың шөгү аймағының ауданын F , м² төмендегідей формуламен анықтаймыз

$$F = \beta \frac{Q_{\text{сағ}}}{3,6 \cdot v_e \cdot N}, \quad (30)$$

мұндағы β – тұндырғыштың көлемінің пайдалануын есепке алу коэффициенті ол 1,3 пен 1,5;

$Q_{\text{сағ}}$ – судың есептік шығыны, м³/сағ;

V_e – судың өрлеп келе жатқан ағынның есептік жылдамдығы, оны 0,6 мм/с – ке тең деп қабылдайды;

N – тұндырғыштың есептік саны, ол 4 – ке тең.

$$F = 1,4 \frac{108}{3,6 \cdot 0,6 \cdot 4} = 17,5 \text{ м}^2.$$

Ал иірімді жапалақ пайда болатын камераның ауданы $f_{\text{к}}$, м² анықталады

$$f_{\text{к}} = \frac{Q_{\text{сағ}} \cdot t}{60 \cdot H_0 \cdot N}, \quad (31)$$

$$f_{\text{ж.к}} = \frac{108 \cdot 16}{60 \cdot 3,6 \cdot 4} = 2 \text{ м}^2.$$

Жапалақ пайда болатын камераның ауданын есепке алғандағы бір тұндырғыштың жалпы ауданы $F_{\text{т}}$, м² келесідей есептелінеді

$$F_{\text{т}} = F + f_{\text{ж.к}}, \quad (32)$$

$$F_{\text{т}} = 17,5 + 2 = 19,5 \text{ м}^2.$$

Тұндырғыштың диаметрі D , м төмендегідей есептелінеді

$$D = \sqrt{\frac{F_{\text{т}} \cdot 4}{\pi}}, \quad (33)$$

$$D = \sqrt{\frac{19,5 \cdot 4}{3,14}} = 4,98 \text{ м.}$$

Тұнбаны шығаратын құбырдың диаметрі $d = 200$ мм. Сонда тұндырғыштың тұнба жиналатын конус сияқты бөліктің, қабырғасының көлбеулігі жазықтыққа қарағанда бұрышы 50 градусқа тең болғанда биіктікті h_k , м былай анықтаймыз

$$h_k = \frac{D-d}{2 \operatorname{tg}(90^\circ - 50^\circ)}, \quad (34)$$

$$h_k = \frac{4,98 - 0,2}{2 \cdot 0,84} = 2,84 \text{ м.}$$

Конус сияқты тұнба жиылатын бөліктің көлемі

$$W_{\text{т.ж}} = \frac{\pi}{3} h_k \left[\left(\frac{D}{2}\right)^2 + \left(\frac{d}{2}\right)^2 + \frac{D}{2} \cdot \frac{d}{2} \right], \quad (35)$$

$$W_{\text{т.ж}} = \frac{3,14}{3} 2,84 \left[\left(\frac{4,98}{2}\right)^2 + \left(\frac{0,2}{2}\right)^2 + \frac{4,98}{2} \cdot \frac{0,2}{2} \right] = 19,4 \text{ м}^3.$$

Осыған байланысты тұнбаны шығарудың аралығында тұндырғыштың жұмыс істеу уақытын T , сағ мына формуламен анықтаймыз

$$T = \frac{W_{\text{т.ж}} \cdot N \cdot \delta}{Q_{\text{сағ}} (C_{\text{ор}} - m)}, \quad (36)$$

мұндағы δ – тығыздалған тұнбаның концентрациясы, бастапқы судағы қалқыма заттардың мөлшеріне байланысты, 50000 г/м^3 - ке тең;

$C_{\text{ор}}$ – тұндырғышқа келетін судағы қалқыма заттардың орташа концентрациясы, 575 г/м^3 - ке тең;

m – тұндырғыштан кейінгі қалқыма заттардың мөлшері, 10 г/м^3 .

$$T = \frac{19,4 \cdot 4 \cdot 50000}{108 (575 - 10)} = 63,6 \text{ сағ.}$$

Тұнған суды жинау үшін бір шет сақиналы науа және төрт тармақты науаларды орнату керек. Бұл науаларда су қозғалысының есептік жылдамдығы $\vartheta_n = 0,6 \text{ м/с}$.

Сақиналы науаның ауданы $f_{с.н}$, m^2 келесідей анықталады

$$f_{с.н} = \frac{q_{сек}}{\vartheta_H}, \quad (37)$$

$$f_{с.н} = \frac{0,03}{0,6} = 0,05 \text{ м}^2.$$

Науаның көлденең қимасы $0,06 \times 0,2$ метр сақиналы науаны ішкі қабырғасындағы суға батқан тесіктердің қасында ауданы $\sum f_{тес}$, m^2 есептелінеді

$$\sum f_{тес} = \frac{q_{сек}}{\vartheta_{тес}}, \quad (38)$$

$$\sum f_{тес} = \frac{0,03}{1} = 0,03 \text{ м}^2.$$

Тесіктердің $d_{тес} = 20$ мм, ал $f_{тес} = 0,0009 \text{ м}^2$ болса, олардың саны $n_{тес}$ келесідей есептелінеді

$$n_{тес} = \frac{\sum f_{тес}}{f_{тес}}, \quad (39)$$

$$n_{тес} = \frac{0,03}{0,0009} = 33.$$

Сақиналы науаның қабырғасының периметрі $P = 14,8$, сонда тесіктердің ара - қашықтықтары $e_{тес}$, мм төменгі теңдікпен есептеледі

$$e_{тес} = \frac{P}{n_{тес}}, \quad (40)$$

$$e_{тес} = \frac{14,8}{33} = 450 \text{ мм} < 500 \text{ мм}.$$

1.9 Сүзгілер

Сүзу судың сапасын мемлекеттік стандарттың талабына сәйкес етіп, тазалайтын негізгі әдістердің бірі деп саналады. Тұндырғыштардан немесе мөлдіреткіштерден шыққан суда $8-12$ мг/л мөлшері қалқыма заттар қалады.

Жедел арынсыз екі қабатты жүктемесі бар сүзгінің есебі

Жедел сүзгінің қосынды ауданын F_c , m^2 мына формуламен анықталады

$$F_c = \frac{Q_{тәу}}{T\vartheta_6 - 3,6n\omega t_1 - nt_2\vartheta_6}, \quad (41)$$

мұндағы $Q_{\text{тәу}}$ – станцияның толық шығыны, м³/тәул;
 T – тәуліктің ішінде станцияның жұмыс істеу ұзақтығы, 24 сағ;
 ϑ_6 – бірқалыпты режимде есептелген сүзу жылдамдығы, 10 м/сағ-қа тең;

n – бір тәулікте әр сүзгіні жуу саны, 2-ге тең;

ω – жуу қарқындылығы, 13л/с.м² тең;

t_1 – жуу ұзақтығы, 0,12 сағ;

t_2 – жууға байланысты сүзгінің тоқтатылу уақыты, 0,33 сағ.

$$F_c = \frac{2600}{24 \cdot 10 - 3,6 \cdot 2 \cdot 13 \cdot 0,12 - 2 \cdot 0,33 \cdot 10} = 11,7 \text{ м}^2.$$

Сүзгілердің саны мына формуламен анықтаймыз

$$N_c = \frac{\sqrt{F_c}}{2}, \quad (42)$$

$$N_c = \frac{\sqrt{11,7}}{2} = 1,71.$$

Бір сүзгінің ауданы f_c , м² келесі теңдікпен есептеледі

$$f_c = \frac{F_c}{N_c}, \quad (43)$$

$$f_c = \frac{11,7}{2} = 6 \text{ м}^2.$$

Сүзгінің жоспардағы мөлшері 2,4 x 2,5 м

Тездетілген режимде судың сүзу жылдамдығын ϑ_T , м/сағ мына формуламен анықталынады

$$\vartheta_T = \frac{\vartheta_6 \cdot N_c}{N_c - N_1}, \quad (44)$$

мұндағы N_1 – жөндеуде тұрған сүзгілердің саны, $N_1=1$.

$$\vartheta_T = \frac{10 \cdot 2}{2 - 1} = 20 \text{ м/сағ}.$$

Сүзгіні жууға арналған судың шығының $q_{\text{ж}}$, л/с келесідей анықталады

$$q_{\text{ж}} = f_c \cdot \omega, \quad (45)$$

$$q_{\text{ж}} = 6 \cdot 13 = 78 \text{ л/с}.$$

Тарамдардың төменгі жағында тіке 60 градус бұрышында диаметрі 10-14 мм тесіктер орналастырылады. Тесіктің диаметрін $\delta = 14$ мм, ауданы $f_{\text{тес}} = 1,54$ см².

Тарату жүйесінің тарамдарының барлық тесіктерінің ауданын $\sum f_{\text{тес}}$, см² сүзгінің ауданына қатынасын 0,25 - 0,3 пайызға тең қабылдадым

$$\sum f_{\text{тес}} = \frac{0,25 \cdot f_c}{100}, \quad (46)$$

$$\sum f_{\text{тес}} = \frac{0,25 \cdot 6}{100} \approx 0,015 \text{ м}^2 = 150 \text{ см}^2.$$

Әр сүзгідегі тарату жүйесінің тесіктерінің жалпы саны

$$n_{\text{тес}} = \frac{\sum f_{\text{тес}}}{f_{\text{тес}}}, \quad (47)$$

$$n_{\text{тес}} = \frac{150}{1,54} = 97.$$

1.10 Түйіскен мөлдіреткіштер

Түйіскен мөлдіреткіштер өзінің конструкциясы бойынша құм материалды сүзгілерге ұқсас келеді. Су сүзгі материалды астынан жоғары қарай түйірлердің мөлшері азаю бағытымен өтеді. Коагулянт тазаланатын суға мөлдіреткіштің алдында қосылады.

Түйіскен мөлдіреткіштің есебі

Кіру камерасының көлемі W , м³ төмендегідей анықталады

$$W = \frac{Q_{\text{тәу}} \cdot t}{24 \cdot 60}, \quad (48)$$

мұндағы t – кіру камерадағы судың уақыты, 2 мин.

$$W_{\text{к.к}} = \frac{2600 \cdot 2}{24 \cdot 60} = 3,61 \text{ м}^3.$$

Екі кіру камерада қабылдаймыз, олардың тереңдіктері $h = 3$ м, әр камера ауданы $F_{\text{к.к}}$, м² келесі теңдікпен есептеледі

$$F_{\text{к.к}} = \frac{W_{\text{к.к}}}{3}, \quad (49)$$

$$F_{\text{к.к}} = \frac{3,61}{3} = 1,2 \text{ м}^2.$$

Камерада тік торлар орналастырады. Тор тесіктері 2-4 мм тордан судың өтетін жылдамдығы $\vartheta = 0,25$ деп қабылдаймыз. Жұмыс ауданы F_T , м есептеледі

$$F_T = \frac{Q_{\text{сағ}}}{3600 \cdot V_T}, \quad (50)$$

$$F_T = \frac{108}{3600 \cdot 0,25} = 0,12 \text{ м.}$$

Кіру камера торды жуатын құрылғымен артық суды әкететін құбырлармен жабдықталған.

Камераның конусты жағының биіктігі $h_{\text{кон}}$, м келесі формуламен анықталады

$$h_{\text{кон}} = \frac{B}{2} \text{ctg}(90 - 50), \quad (51)$$

$$h_{\text{кон}} = \frac{0,3}{2} \text{ctg}(90 - 50) = 0,2 \text{ м.}$$

Камераның толық биіктігі H , м төменгі формуламен табылады

$$H = h + h_{\text{кон}}, \quad (52)$$

$$H = 3 + 0,2 = 3,02 \text{ м.}$$

1.11 Суды зарарсыздандыру

Хлордың оң қасиеттеріне қарамастан, ол уытты зат болып табылады, сұйық хлормен суды тазарту адамдардың өміріне және денсаулығына тасымалдау мен сақтау кезінде ғана емес, сонымен бірге суды тазарту кезінде де қауіп төндіреді. Қазіргі уақытта ең қауіпсіз және ең кең тараған құрамында хлор бар реагент – натрий гипохлориті (NaClO). Оның қасиеттері сұйық хлор мүмкіндігіне жақын.

Натрий гипохлориті қоспасының есептік сағаттық шығының анықтау үшін су таралатын бірінші нүктедегі су шығының аламыз. Бірінші нүктедегі су шығыны 1471 л/сағ.

Сағатқа байланысты қоспаның салмағы $m_{\text{сағ}}$, г/сағ келесідей есептеледі

$$m_{\text{сағ}} = \frac{Q_{\text{сағ}} \cdot M'_{\text{NaClO}}}{1000}, \quad (53)$$

